

## **Орманбек Эльмира**

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы

### **«Біздің қазіргі қазақстандық мәдениеттегі әлемге мақтанышпен айтарлық құбылыс»**

Халқымыздың төл тарихы, пайда болуы мен құрылуы, дамуы ұзақ уақыттағы қиыншылықтар мен алып асуларды бағындыра білген шыңның жеңісі. Байырғы қазақ жерінен келе жатқан ата-баба мұрасын аға буын жас ұрпаққа дәріптеп, бүгінгі күнге жеткізіп отырған қазына – салт - дәстүр, әдебиетіміз бен мәдениетіміз. Біздің ұзақ уақыттан бергі толастамай, әр уақытта қандай қиыншылық болмасын бой бермей, асуларды бағындыра білген жас мемлекетіміз жаңа тарихқа нық сеніммен қадам басты. Осы орайда еліміздің өнеркәсібі, білімі, мәдениеті, ғылымы, экономикасы және т.б. салалары дамуы үшін алға үлкен мақсат қойып соны жүзеге асыруға зор талпыныстар жасалуда. Соның бірі де бірегей «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бүгінгі күндегі ең өзекті, жауапкершілігі қиын, үлкен үміт арқалаған жобалардың бірі. Күллі әлем көз алдымызда күннен - күнге өзгеріп, өркендеуде. Халқымызда дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени - тұрмыстық, салт - сана, мінез - құлық, көрінісі дәстүр арқылы танылады. Ел болып қалыптасып, дамып, өркендеуге керекті қаланатын кірпіштің бір бөлігі – салт - дәстүр, әдебиетіміз бен мәдениетіміз. Мемлекет болып жаңғыру ең алдымен тәрбиеден, дәстүрден бастау алады. Қазіргі таңдағы еліміздің мәдениетінде мақтанышпен айтарлық феномен біздің қазақилығымызды өрнектеп, айшықтап, саралап тұратын қонақжайлылықпен төзімділікке негізделген – салт - дәстүріміз. Бұған бірнеше мысалдарды атап көрсетуге болады:

Біріншіден, салт - дәстүр байлығы - мәдениеттің байлығы. Бұл ең алдыменен ескеретін жәйт.

Екіншіден, қазақ халқына тән дәстүрлі қонақжайлық қасиет ежелден тән. Бұл қасиет көптеген ғасырлар барысында қалыптасқан. Бір мақтанарлығы шет ел зерттеушілерінің өзі бұл қайсар елдің жылы жүзділігі мен қонақжайлылығына таңдана да тамсана қараған. Бұл өзге елде жоқ қазақ ұлтының бойына қанмен сіңген салт - санасы. Бұлай болғанда қалайша өзге ел алдында айтпай кетуге болады. Мақтана білуге тұрарлық іс.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауы тиіс, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерімізді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білгеніміз жөн. Рухани жаңғыру ең бірінші ұлттық - рухани тамырдан нәр ала білуі керек.

Елімнің тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт - дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басса деймін. Келешек ұрпаққа кемел жолды қалдыру үшін халқымыздың кешпеген сазы қалмаған. Сол еңбектің жемісін бүгінгі күнде тайға таңба басқандай етіп, мақтанышпен айтсақ артық етпес.

Қорыта келгенде, дамыған 30 елдің қатарына еніп, іргесі берік, қабырғасы қалаулы, тасыған ел болу біздің қолымызда. Келешек ұрпақтың кемел болуы тарих шырмауығының бүгінгі күнге жеткізіп кеткен жетістігінің арқасы. Осындай небір елеулі де берер пайдасы мол жобалар еліміздің жарқын болашағының кепілі боларына нық сеніммен қараймыз!!!